Другую полезную информацию и новости Вы можете найти на сайте www.hotpoint-ariston.com в разделе **«Сервис».**

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Кір жуғыш машина

KZ

KZ

ҚАЗАҚША

AQUALTIS

AQS1F 09

Мазмұны

Орнату, 14-15
Орамнан шығару және тегістеп қою
Су құбырын және электр қуатын қосу
Техникалық сипаттамалары

Кір жуғыш машинаның сипаттамасы, 16-17
Басқару панелі

Кір жуу циклін орындау тәртібі, 18

Бағдарламалар мен қосымша функциялар, 19
Бағдарламалар кестесі
Кір жуудың қосымша функциялары

Кір жуу құралдары мен кір түрі, 20
Кір жуу құралдары
Кірді дайындау
Кір жуу бойынша нұсқаулықтар

Ескертулер мен нұсқаулар, 21
Жалпы қауіпсіздік ережелері
Қайта өңдеу
Люкті қолмен ашу

Қызмет көрсету және күтіп ұстау, 22
Суды және электр қуатын өшіру
Кір жуғыш машинаны тазалау
Жуу құралдарын бөлгішті тазалау
Барабанды күтіп ұстау
Сорғышты тазалау тәртібі
Су құю шлангісін тексеру

Ақаулар мен оларды жою жолдары, 23

Сервистік қызмет көрсету, 24

Орнату

KZ

! Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз. Нұсқаулық машинаны сатқан, басқа біреуге тапсырған немесе жаңа пәтерге көшкен кезде, пәтердің жаңа иесі жабдықпен танысу үшін, оны пайдалану және қызмет көрсету ережелерімен танысуы үшін кір жуғыш машина жиынтығында болуы тиіс.
! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: онда кір жуғыш машинаны орнату бойынша және пайдалану қауіпсіздігі бойынша маңызды мәліметтер бар.
! Техникалық нұсқаулық пакетінде кепілдік талонынан басқа машинаны орнатуға қажетті бөлшектерді де таба аласыз.

Орамнан шығару және тегістеп қою

Орамнан шығару

1. Жабдықтың тасымалдау кезінде зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақымданған жағдайда – машинаны іске қоспаңыз – жеткізушімен тез арада хабарласыңыз.



2. Тасымалдау кезінде машинаны қорғаушы 4 винтті және кір жуғыш машинаның артқы жағындағы резеңке тығындарды сәйкес тірегіш шайбамен ашыңыз *(сур. қара)*.

3. Тесікті резеңке тығынмен жабыңыз.
4. Барлық бөлшектерін сақтап қойыңыз: Кір жуғыш машинаны тасымалдау кезінде керек болады.
! Қаптама материалдарын балалардың ойыншығы ретінде қолдануға болмайды.
! Ораушы және жеке оның элементтері азықпен байланысу үшін арналмаған..

Нивелирлеу

1. Кір жуғыш машина тегіс және берік еденге орнатыңыз, қабырғаға, жиһазға және басқа да заттарға тимейтін болсын.



2. Машинаны реттегіш аяқтары арқылы тегістеп қойыңыз *(көлбеу 2о жоғары болмауы тиіс.)*

! Мұқият нивелирлеу вибрация мен шудың болмауына кепілдік береді, әсіресе сығу кезінде.
! Машинаны кілемге қойған жағдайда, кір жуғыш машинаның астында жеткілікті ашық орын қалатындай етіп қойыңыз.

Су құбырына немесе электр желісіне қосу

Су құю шлангісін қосу тәртібі

! *Су құя шлангісін су құбырына қосар алдында су мөлдір болғанша ағызып жіберіңіз.*



1. Су құю шлангісін артқы оң жақ жоғарғы шетінде орналасқан, су қабылдағышты винттеу арқылы кір жуғыш машинаға жалғаңыз *(сур. қара).*



2. А фитингін кіріс түтігінің шетіне салып, түтікті суық су шүмегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз *(суретті қараңыз).*
Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.

3. Шлангінің оралып және қысылып қалмағанын анықтап алыңыз.

! Су қысымы Техникалық сипаттама кестесінде көрсетілген белгілер шамасында болуы тиіс *(жанындағы қара).*

! Егер су құбыры шлангісінің ұзындығы жеткіліксіз болса, арнайы дүкеннен немесе уәкілетті тұлғадан сұраңыз.

! Бұрын қолданыста болған шлангіні немесе су ұқятын ескі шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз, оның орнына тек машинамен бірге берілетін шлангіні пайдаланыңыз.

Суды төгу шлангісін қосу



Суды төгу шлангісінің иілген аяқ жағын раковинаның, ваннаның ішіне салып қойыңыз немесе канализацияға шығару жеріне орналастырыңыз. Шлангі майысып қалмауы тиіс. Су төгу шлангісінің жоғарғы жағы еденнен 60-100 см биіктікте болуы тиіс.



Су төгу шлангісі орналастырылуы суды төккен кезде судың бөліп-бөліп төгілуін қамтамасыз етуі керек (шлангінің аяқ жағы суға тимеуі тиіс). Ваннаның немесе раковинаның шетіне қатырған жағдайда, шлангіні кранға қатырылатын бөліктің (жиынтық құрамына кіреді) көмегімен асып қояды (сур).

! Суды төгу шлангісіне ұзартқыштарды пайдаланбаған жөн. Қажет болған жағдайда, дәл осындай диаметрдегі және 150 см. аспайтын ұзындықтағы шлангімен ұзартуға болады.

Электр желісіне қосу

Штепсель вилкасын желі розеткасына қосар алдында мыналарды тексеріп алыңыз:

- желі розеткасы жерге тұйықталуы және нормативтерге сай болуы тиіс;
- желі розеткасы Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген кір жуғыш машинаның ең көп қуатына есептелуі тиіс *(жинау кестесін қара);*
- электр қоректену қысымы Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген мәніне сай болуы тиіс *(жинау кестесін қара);*
- желі розеткасы машинаның штепсель вилкасына сай болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда розетканы немесе вилканы ауыстыру керек.

! Кір жуғыш машинаны далаға, тіпті жабық жерге де қоюға болмайды, өйткені мұндай жерде жаңбыр мен найзағай салдарынан төтенше жағдай туу мүмкін.

! Кір жуғыш машина розеткаға еркін қол жеткізуге болатындай етіп орнатылуы тиіс.

! Ұзартқыштар мен тройниктерді пайдаланбаңыз.

! Желі кабелі қысылып немесе оралып қалмауы керек.

! Назар аударыңыз! Өндіруші, егер сіздің аталған нормаларды сақтамау салдарынан, денсаулығыңыз бен жеке басыңызға зиян келген жағдайда жауап бермейді.

Техникалық сипаттамалары	
Моделі	AQ1SF 09
Көлемі	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 43,5 см
Толтыру	1 - 6 кг
Электрлік параметрлері	машинадағы электрлік параметрлері көрсетілген паспорттық табличканы қараңыз
Гидравликалық параметрлері	max қысым 1 Мпа (10 бар) min қысым 0,05 Мпа (0,5 бар) барабанның көлемі 40 л
Сығу жылдамдығы	1000 мин/айн дейін
EN 60456 нормативіне сәйкес бақылау программалары	программа 60°; температура 60°C; 6 кг дейін толтырған кезде.
	Машина Еуропалық Экономикалық қауымдастықтың мынадай Директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108 /EC (электромагниттік үйлесімділік) - 2006/95/CE (төмен кернеулі) - 2012/19/EU

Кір жуғыш машинаның сипаттамасы

KZ



ЛЮК



Люкті ашу үшін арнайы тұтқаны пайдаланыңыз *(сызб. қара).*

Кір жуғыш құралын мөлшерлеуіш



Мөлшерлеуіш машинаның ішінде орналасқан, оны люк арқылы ашуға болады. Кір жуғыш құралдарын мөлшерлеудің сипаттамасын «Кір жуғыш құралдары және кір» бөлімінен қараңыз.



1. Алдын ала жуу ұяшығы: *кір жуу ұнтағын қолданыңыз*.
! *Кір жуғыш ұнтағын қосар алдында қосымша 3-мөлшерлеуіш орнатылмағаны тексеріп алыңыз.*

2. *Негізгі кір жуу ұяшығы:* Сұйық жуғыш зат пайдаланылса, дұрыс мөлшерлеу үшін ауыстырмалы пластикалық **A** өлшеу бөлігін қолданған жөн. Ұнтақ жуғыш зат пайдаланылса, бөлікті **B** ұясына қойыңыз.
3. *Қосымша мөлшерлеуіш:* Ағартқыш.
! Егер қосымша 3-мөлшерлеуіш қолданылса, алдын ала кір жуу функциясы өшеді.
Қоспаларға арналған ❀ ұяшығы: шайғыш пен сұйық қоспаларға арналған. Мөлшерлеуіштің торында көрсетілген ең жоғарғы деңгейден асырмаған жөн және концентрациялық шайғыштарды араластырмау керек.

Күту режимі
Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ON/OFF түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

Басқару панелі



ON/OFF индикаторының түймесі: қосу және өшіру үшін түймені бір рет басыңыз. Жасыл индикатор машинаның қосылып тұрғанын білдіреді. Кір жуғыш машинаны қосу үшін кір жуу процесінде түймені шамамен 3 секунд басып ұстап тұру қажет. Қысқа немесе кездейсоқ басып қалғаннан машина өшіп қалмайды. Машинаны өшірген жағдайда кір жуу процесінде ағымдағы цикл жойылады.

БАҒДАРЛАМА тұтқасы: екі жаққа да айналып тұра алады. Қажетті бағдарламаны таңдау үшін *«Бағдарлама кестесін»* қараңыз. Бағдарламаны орындау процесінде тұтқа жылжымайды.

ТЕМПЕРАТУРА түймесі: жылытуды өзгерту немесе өшіру үшін басыңыз; оның мәні жоғарыдағы индикаторлармен көрсетіледі *(«Кір жуу циклін орындау тәртібі»).*

СЫҒУ түймесі: сығуды өзгерту немесе өшіру үшін басыңыз; оның мәні жоғарыдағы индикаторлармен көрсетіледі *(«Кір жуу циклін орындау тәртібі»).*

КЕШІКТІРІП ІСКЕ ҚОСУ түймесі: таңдалған бағдарламаны кешіктіріп іске қосуды бағдарламалау үшін басыңыз; белгіленген кешіктіру мәні жоғары жақтағы индикатормен көрсетіледі *(«Кір жуу циклін орындау тәртібі» қара).*

ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР индикаторының түймесі: қолданыстағы қосымша функцияларды таңдау үшін басыңыз. Таңдалған қосымша функция индикаторы жанады *(«Кір жуу циклін орындау тәртібі»).*

КІР ЖУУ ФАЗАСЫ белгісі: циклің орындалу кезектілігін қарау үшін жанады. (Кір жуу – Шаю – Сығу - Соңғы су төгу). Цикл END аяқталған соң жазу шығады.

START/PAUSE индикаторының түймесі: жасыл индикатор сирек жанғанда, кір жуу циклі іске қосу түймесін басыңыз. Іске қосқан соң индикатор жыпылықтағанды қояды. Егер «Люкті тежеу» индикаторы өшіп қалса, люкті ашуға болады. Кір жууды тоқтаған жерінен жалғастыру үшін осы түймені қайта басыңыз.

LOCK индикаторы: люктің тежелгенін білдіреді. Люкті ашу үшін, циклді тоқтату керек *(«Кір жуу циклін орындау тәртібі»).*

ТҮЙМЕЛЕРДІ ТЕЖЕУ индикаторының: консольді басқаруды тежеуді қосу немесе өшіру үшін түймені шамамен 2 секунд басып тұрыңыз. Қосылған индикатор консольді басқару тежелгендігін білдіреді. Осылайша, бағдарлама кездейсоқ өзгермейді, әсіресе үйде балалар болса.

ECO индикаторы кір жуу параметрлері электр қуатын кемінде 10 % үнемдегенде жанады. Сонымен қатар, машина энергияны сақтау режиміне қосылар алдында, оның белгісі бірнеше секунд қосылып тұрады. Машина өшіп тұрғанда электр қуатын үнемдеу шамамен 80 % құрайды.

Кір жуу циклін орындау тәртібі

KZ

ЕСКЕРТУ: кір жуғыш машинаны бірінші рет қолданғанда кірсіз бір рет жуыңыз, бірақ кір жуу құралымен және алдын ала жуусыз 90oC мақта мата бағдарламасын таңдап жуыңыз.

1. **МАШИНАНЫ ҚОСУ ТӘРТІБІ** ⏻**.** түймесін басыңыз. Барлық индикаторлар 1 секундқа жанады да ⏻, түймесі қосылып қалады, START/PAUSE индикаторы сирек жыпылықтап тұрады.
2. **КІРДІ ЖҮКТЕУ ТӘРТІБІ** Машинаның люгін ашыңыз. Барабанға кірді салыңыз, бірақ келесі беттегі бағдарламалар кестесінде көрсетілген ең жоғарғы деңгейден асырмаңыз.
3. **КІР ЖУҒЫШ ҚҰРАЛ МӨЛШЕРЛЕУІШІ.** Мөлшерлеуішті шығарып, арнайы ұяшығына кір жуғыш құралын салыңыз, оны «Кір жуғыш машина сипаттамасынан» қараңыз.
4. **ЛЮТКІ ЖАБЫҢЫЗ.**
5. **БАҒДАРЛАМАНЫ ТАҢДАУ. БАҒДАРЛАМАЛАР ТҰТҚАСЫН** сізге қажетті бағдарламаға оң немесе сол жаққа бұраңыз. Бұл жағдайда автоматты түрде температура мен сығу жылдамдығы қосылады, олар өзгертілуі мүмкін.
6. **КІР ЖУУДЫҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН ЦИКЛІ.** Басқару консоліндегі арнайы түймелерді басыңыз: 🌡 🌀 **температураны және/немесе сығу жылдамдығын өлшеу тәртібі.**
   Машина автоматты түрде дисплейден таңдалған бағдарлама үшін қарастырылған немесе соңғы таңдалған, егер олар таңдалған бағдарламаға сай келсе ең жоғары температураны және сығу жылдамдығын көрсетеді. 🌡 түймесі арқылы температураны жайлап азайтуға болады, тіпті салқын суда жууға (ПО) дейін азайтуға болады. 🌀 түймесі арқылы сығу жылдамдығын жайлап азайтуға болады, тіпті өшіруге болады (ПО). Түймені тағы бір рет басып бастапқы қалыпқа келуге болады.
   ! Қиыс жағдай: 60° бағдарламасы таңдалса, температураны 90°C-қа дейін көтеруге болады.
   Кешіктіріп іске қосу бағдарламасы.
   Кешіктіріп іске қосуды бағдарламалау үшін түймені бірнеше рет, тіпті қажетті кешіктіріп іске қосу индикаторы қосылғанға дейін басыңыз. Бағдарламалау процесінде кешіктіру мерзімі . белгісі арқылы көрсетіледі. Кешіктіріп іске қосуды бағдарламалаған соң дисплейден белгісі көрінеді де циклдің ұзақтығы беріледі. Түймені бір рет басқанда кешіктіріп қосудың уақыты көрсетіледі. Кешіктіріп іске қосуды кері қайтару үшін түймені бірнеше рет дисплейден OFF белгісі көрінгенше басыңыз; белгісі өшіп қалады.
   ! START/PAUSE түймесін басқан соң кешіктіріп іске қосу тек ааю жағына қарай өзгеруі мүмкін.

   Цикл параметрлерінің өзгеруі.
   Циклді қажеттілігіңізге қарай жекелендіру үшін ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР түймесін басыңыз.
   • қосымша функцияны қосу үшін түймені басыңыз, сәйкес индикатор жанады.
   • осы түймені функцияны өшіру үшін қайта басыңыз, индикатор өшеді.
   ! Егер таңдалған қосымша функция таңдалған бағдарламаға сай келмесе, тиәсті индикатор жыпылықтап, дыбыс сигналы қосылады (3 рет), функция қосылмайды.
   ! Егер таңдалған функция бұрын таңдалған қосымша функциямен сай келмесе, бастапқы таңдалған функцияның индикаторы жыпылықтайды да тек екінші қосымша функция қосылады, қосылған функцияның инкаторы жыпылықтамай жанып тұрады.
7. **БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ ҚОСУ.** START/PAUSE түймесін басыңыз. Сәйкес индикатор жанады да машинаның люгі тежеледі (ЛЮК ТЕЖЕЛГЕН индикаторы жанады 🔒). Кір жуу фазасының белгісі бағдарламаны орындау шамасына қарай жанады, ол ағымдағы кір жуу фазасын визуалдау үшін қажет. Ағымдағы бағдарламаны өзгерту үшін START/PAUSE түймесін басу арқылы циклді тоқтатыңыз, содан соң қажетті циклді таңдаңыз да START/PAUSE түймесін қайта басыңыз. Циклді орындау барысында люкті ашу үшін START/PAUSE түймесін басыңыз; Егер ЛЮК ТЕЖЕЛГЕН индикаторы 🔒 өшіп қалса, люкті ашуға болады. Бағдарлама тоқталыған кезден бастап оны қалпына келтіру үшін START/PAUSE түймесін қайта басыңыз.
8. **БАҒДАРЛАМАНЫ АЯҚТАУ. END** жазуы қосылу арқылы белгіленеді. Люкті бірден ашуға болады. Егер START/PAUSE индикаторы жыпылықтап тұрса, циклді аяқтау үшін түймені басыңыз. Люкті ашыңыз, кірді шығарып, машинаны өшіріңіз.

! Ағымдағы циклді жою үшін ⏻ түймесін цикл тоқтап, машина өшкенше басып тұрыңыз.

Бағдарламалар мен қосымша функциялар

Бағдарламалар кестесі

Программалар	Программалардың сипаттамасы	Температура (°C)	Макс. жылд. (айн/мин)	Кір жуғыш құралдар				Макс. жүктеу (кг)	Циклдің ұзақтығы
				Алдын-ала жуу	Жуу	Ағартқыш	Шайғыш		
40°	**Мақта (2):** өте лас ақ және күтіммен жуылатын түрлі-түсті кір.	40°	1000	-	●	●	●	6	(*) Программалардың ұзақтығын дисплейден тексеруге болады
	Синтетика: қатты кірлеген мықты боялған түрлі-түсті бұйым.	60°	800	-	●	●	●	3	
	Ақ киімдер	60°	1000	-	●	-	●	3	
	Түрлі-түсті киімдер	40°	1000	-	●	●	●	3	
	Қою түстер	30°	800	-	●	-	●	3	
	Жейделер	40°	600	-	●	●	●	2	
	Сырылған куртка	30°	1000	-	●	-	●	1	
	Ақ жаймалар: ақ жайма және сүлгі.	60°	1000	-	●	●	●	6	
	Шаю	-	1000	-	-	●	●	6	
	Сығу + Суды төгу	-	1000	-	-	-	-	6	
	Антиаллергиялық	60°	1000	-	●	-	●	3	
	Нәзік киімдер	30°	0	-	●	-	●	0,5	
	Жүн: жүн, кашемир және т.б. үшін.	40°	800	-	●	-	●	1	
30'	**Микс 30':** қатты кірлемеген киімді тез сергіту үшін (жүн, жібек маталарға және қолмен жууға арналмаған).	30°	800	-	●	-	●	3	
90°P	**Мақта:** алдын ала кір жуу арқылы (кір жуу құралын арнайы ұяшыққа салу керек).	90°	1000	●	●	-	●	6	
60°	**Мақта (1):** өте лас ақ және қатты түрлі-түсті кір.	60° (Max. 90°C)	1000	-	●	●	●	6	

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестіріліуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

(*) Ескертпе: БАСТАЛҒАННАН 10 минут өткеннен кейін, құрылғы ішіндегі жүк негізінде жуу циклының соңына дейін қалған уақытты қайтадан есептейді; бұл мән одан кейін дисплейде көрсетіледі.

Барлық сынақ мекемелері үшін:
1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексеріңіз: жуу циклын 60°C температурасымен орнатыңыз.
2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.

Кір жуудың қосымша функциялары

Қосымша шаю

Бұл функцияны таңдау арқылы шаюдың әсері артады және кір жуу құралдарының қалдықтары толы кетеді. Бұл функция әсіресе терісі кір жуғыш құралдарға сезімтал адамдарға ыңғайлы. Бұл функцияны машинаны толық жүктегенде немесе кір жуу құралдарын көп көлемде пайдаланғанда қолданған жөн.
! Функция , , , , , бағдарламаларымен сәйкес келеді.

Жеңіл үтіктеу

Бұл функцияны таңдау арқылы кір жуу және сығу қатпарлар болуын азайтатындай болып өзгереді. Цикл аяқталған соң кір жуғыш машинаның барабаны жай айналады да, «Жеңіл үтіктеу» және START/PAUSE индикаторлары жыпылытайды. Циклді аяқтау үшін «Жеңіл үтіктеу» және START/PAUSE түймесін басыңыз.
! Функция , , , , , , бағдарламаларымен сәйкес келеді.

Супер кір жуу

Циклдің басында көп мөлшерде кірді және ұзақ уақыт пайдалану арқылы функция оңтайлы кір жууды қамтамасыз етеді. Бұл функция қиын дақтарды кетіру үшін қажет. Қосымша 3-мөлшерлеуішті ***1***-мөлшерлеуішке қойыңыз. Ағартқыш қойылғанда стерженнің ортасында көрсетілген ең жоғарғы деңгейден асырмаңыз *(сызб. қара)*. Тек ағарту бағдарламасын орындау үшін ағартқышты **3**-мөлшерлеуішке құйыңыз да, «Шаю» бағдарламасын таңдаңыз және «Супер кір жуу» қосымша функциясын таңдаңыз.



! Функция , , , , , , , , , бағдарламаларымен сәйкес келеді.

Жылдам кір жуу

Бұл опция таңдалса, жуу циклының мерзімі таңдалған циклға байланысты 50%-ға дейін азаяды, солайша бір уақытта су мен қуат үнемделеді. Бұл циклды аз кірленген киімдер үшін қолданыңыз.
! Функция , , , , , , , , , бағдарламаларымен сәйкес келеді.

Кір жуу құралдары мен кір түрі

KZ

Кір жуу құралдары

Кір жуу құралын таңдау және мөлшерлеу кір түріне (мақта, жүн, жібек т.б.), кірдің түсіне, кір жуу температурасына, ластану деңгейіне және судың қаттылығына байланысты.
Кір жуу құралын дұрыс мөлшерлеу – бұл үнемдеу және қоршаған ортаға қамқорлық; дегенмен кір жуғыш құралдар биотаратқыш болып саналады, олардың құрамында табиғатқа зиянды заттар бар.
Ұсыныстар:

- кір жуғыш құралдарды ақ мақта заттарға және алдын ала кір жууға пайдаланыңыз.
- күтіммен жуылатын мақта кірлерге және төменгі температурадағы барлық бағдарламаларға сұйық құралды пайдаланыңыз.
- жібек және жүн заттар үшін күтіммен жуылатын сұйық кір жуғыш құралдарды пайдаланыңыз.

Кір жуу құралдарын кір жуар алдында арнайы ұяшыққа немесе мөлшерлеуішке салыңыз, олар барабанда орналасқан. Бұл жағдайда алдын ала кір жуу Мақта циклін таңдауға болмайды.
! Қолмен жууға арналған жуу құралын пайдаланбаңыз – одан пайда болатын көлемді көпіршіктер кір жуудың сапасын нашарлатады және кір жуғыш машинаның бұзуы мүмкін.

Кірді дайындау

- кірді барабанға жүктемес бұрын мұқият жөндеп алыңыз.
- Кірді матасының түріне, түсіне, (этикетіндегі белгісіне қара) қарай іріктеп. алыңыз, ақ кірден түрлі-түсті кірді бөліп алыңыз.
- Қалталарынан барлық заттарды алып тастаңыз және түймелерінің нық тұрғандығын тексеріңіз;
- Құрғақ кірге арналған барабанды жүктеудің ең жоғарғы нормасынан аспаңыз:

Кірдің салмағы
1 ақжайма 400-500 г
1 жастық тыс 150-200 г
1 дастархан 400-500 г
1 банна халаты 900-1200 г
1 сүлгі 150-250 г
1 джинса 400-500 г
1 жейде 150-200 г

Кір жуу бойынша нұсқаулар

Ақ киімдер: бұл циклды ақ киімдерді жуу үшін қолданыңыз. Бағдарлама ақ киімдердің ашықтығын сақтау үшін арналған. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін ұнтақ жуғыш затты пайдаланыңыз.
Түрлі-түсті киімдер: циклын ашық түрлі-түсті киімдерді жуу үшін қолданыңыз. Бағдарлама ашық түстерді сақтау үшін арналған.
Қою түстер: Қою түсті киімдерді жуу үшін бағдарламасын қолданыңыз. Бағдарлама қою түстерді сақтау үшін арналған. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты пайдаланған жөн, әсіресе қою түсті киімдерді жуған кезде.
Жейделер: арнайы бағдарламасын түрлі типтегі маталар мен түрлі түсті жейделерді жууға пайдаланыңыз.
Сырылған куртка: қаз мамығы салынған киімдерді (мысалы, мамық курткалар) немесе жастықтарды (жалпы салмағы 1 кг-нан аспауы тиіс) жуу үшін арнайы жуу циклын қолданыңыз.
Ақ жайма және сүлгі: бұл кір жуғыш машина барлы отбасына арналған кірді бір бағдарламасымен жууға мүмкіндік береді. Ол шайғышты пайдалануды оңтайландырады және уақыт пен электр қуатын үнемдейді. Кір жуғыш құралын пайдаланған дұрыс.
Антиаллергиялық: Тозаң, кенелер немесе мысық пен ит жүні сияқты негізгі аллергендерді жою үшін бағдарламасын қолданыңыз.
Нәзік киімдер: Асыл тас немесе жарқылдақтар тігілген өте нәзік киімдерді жуу үшін бағдарламасын қолданыңыз. Жуудан бұрын киімдердің ішін сыртқа қарату және кіші заттарды арнайы нәзік киімдерді жууға арналған сөмкеге салу жөн. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты пайдаланыңыз.
Жібек киімдерді және перделерді жуу үшін циклын, одан кейін опциясын таңдаңыз; құрылғы циклды кірлер әлі суға салынып тұрғанда аяқтайды және индикатор шамы жыпылықтап тұрады. Кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін START/PAUSE түймесін немесе түймесін басыңыз.
Жүн: Осы Hotpoint-Ariston машинасының «Жүн» жуу циклы киім жапсырмасындағы нұсқауларды және осы кір жуғыш машина өндірушісінің нұсқауларын орындау шартымен, The Woolmark Company тарапынан қолмен жуулатын деп белгіленген жүн киімдерін жууға тексеріліп, құпталған. Hotpoint-Ariston – жуу өнімділігі және қуат пен су тұтынуы бойынша The Woolmark Company тарапынан «Apparel Care- Platinum» аттестатына сәйкес келетіні расталған алғаш кір жуғыш машина бренді. (M1128)

Қиын тазартылатын дақтар: қиын тазартылатын дақтары бар заттарды жуар алдында қатты сабынмен бір жуып және Мақта кірлер бағдарламасымен алдын ала жуу бағдарламасымен жуып алған жөн.

Ескертулер мен алдын алулар

! Кір жуғыш машина халықаралық қауіпсіздік нормаларына сай жобаланып, жасалған. Осы сіздің қауіпсіздігіңізді сақтау мақсатында жасалған, алдын алуды мұқият оқып шығыңыз.

Жалпы қауіпсіздік ережелері

- Үйде пайдалану үшін. Бұл бұйым кәсіби түрде пайдалануға арналмаған, тұрмыстық электр заты болып саналады. Оның функцияларын модификациялауға рұқсат етілмейді.
- Кір жуғыш машинаны осы нұсқаулықта берілген нұсқамаларды сақтайтын, тек үлкен адамдар ғана қолдануы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған машинаға, қолыңыз немесе аяғыңыз су болса жақындамаңыз; жалаңаяқ жүріп жабдықты пайдаланбаңыз.
- Розеткадан вилканы ажырату үшін қосылып тұрған кабельді тартпаңыз; вилканы ұстап тартыңыз.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда жуу құралын бөлгішті ашпаңыз.
- Төгіліп жатқан су ұстамаңыз, оның температурасы жоғары болуы мүмкін.
- Люкті ашуға қатаң тыйым салынады: бұл кездейсоқ ашып алуды болдырмайтын қорғау мезанизмін зақымдауы мүмкін.
- Ақау болған кез келген жағдайда машинаны жөндеу мақсатында оның ішкі жағына тиіспеңіз.
- Балалар кір жуғыш машинаға жақындамауын қадағалаңыз.
- Егер машинаны жылжыту керек болса, оны екі немесе үш адам болып, болып жылжытыңыздар. Машинаны жалғыз көтермеңіз – жабдық өте ауыр.
- Кір жуғыш машинаға кірді салар алдында, барабанның бос екендігін анықтап алыңыз.

Сырмалы көрпелерге, перделерге және күтіммен жуылатын кірге арналған қапшық
Машинамен бірге берілетін арнайы қапшық арқылы Aqualtis кір жуғыш машинасы ең күтіммен жуылатын кірлерді де және бағалы заттарды да толық қорғай отырып, жууға мүмкіндік береді. Қапшықты сырмалы және синтетикалық астары бар қауырсын заттарды жуу үшін пайдаланған дұрыс.

Қайта өңдеу

- Орам материалын жою: орам материалдарын қайта өңдеу бойынша қолданыстағы талаптарды сақтаңыз.
- 2012\19\EU уропалық Директиваға сәйкес электрондық және электрлік құралдарды қайта өңдеу үшін әдеттегі қалалық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Істен шыққан жабдықтарды қайта өңдеу үшін және оның құрамдас бөліктерін рекуперациялау үшін, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулық қауіпсіздігі үшін бөлек жинау керек. «қоқыс жәшігі сызылған» белгісі бар барлық жабдықтар осы қайта өңдеуді еске салу үшін қызмет етеді. Электр құралдарын қайта өңдеу туралы толығырақ ақпарат алу үшін тұтынушылар арнайы мемлекеттік ұйымдарға немесе дүкеннен сұрауға болады.

Люкті қолмен ашу

Егер электр қуатын өшіру салдарынан машинаның люгін ашып, кірді шығару мүмкін болмаған жағдайда, төмендегідей жасаңыз:



1. штепсель вилкасын желі розеткасынан шығарыңыз.
2. Су деңгейі люктен төмен болуын тексеріңіз. Люктен жоғары болған жағдайда, артық суды суды төгу шлангісі арқылы суретте көрсетілгендей етіп, шелекке ұйып алыңыз.

3. кір жуғыш машинаның төменгі плинтусын бұрандамен шешіп алыңыз *(сур. қара).*



4. тілшесінен пластикалық тежеу винтін босағанша сыртқа тартыңыз. Содан соң төменге қарай, сырт етілгенше тартыңыз, ол люктің тежеуден шыққанын білдіреді.



5. люкті ашыңыз. Егер аша алмасаңыз жоғарыда аталған операцияны қайта жасаңыз.

6. алдыңғы панелді орнына қойыңыз, оның машинаға орныққанын, ілмектердің тиісті тесіктерге кіргенін тексеріңіз.

Қызмет көрсету және күтіп ұстау

KZ

Суды және электр қуатын өшіру

- Су құбыры кранын әрбір кір жуудан соң жауып жүріңіз. Осылайша кір жуғыш машинаның су құбыры жүйесінің тозудан қорғауға болады және судың ағу ықтималдығын болдырмайды.
- Кір жуу алдында және қызмет көрсету алдында вилканы розеткадан шығарыңыз.

Кір жуғыш машинаны тазалау

Машинаның сыртқы және резеңке бөліктерін жұмсақ матамен, жылы сабынды сумен тазалап отырыңыз. Ерітінді заттарды немесе түрпіні пайдаланбаңыз.

Жуу құралдарын бөлгішті тазалау



Жуу құралын бөлгішті кезеңімен жуып тұрыңыз. Бөлгішті өзіңізге қарай көтеріп тартып, шығарыңыз және су ағатын орынның астын жуыңыз *(сур. қара).*

Барабанды күтіп ұстау

- Кір жуып болған соң, барабанда жағымсыз иіс болмауы үшін және көгеріп кетпеу үшін машинаның есігін әрдайым жартылай ашып қойыңыз.

Сорғышты тазалау тәртібі

Кір жуғыш машинаның өз тазалайтын су төгу сорғышы болады, оны тазалап немесе ерекше күтіммен ұстау керек. Бірақ кейбір ұсақ заттар (тиындар, түймелер т.б.) сорғышқа түсіп кетуі мүмкін. Оларды алып тастау үшін сорғышта сүзгіш орналастырылған, ол панелдің алдыңғы төмен жағында жабық тұрады.

! Кір жуу циклі аяқталғанына көз жеткізіп, жабдықты желіден ажыратыңыз.

«Сүзгішке» қол жеткізу жолы:





1. кір жуғыш машинаның алдыңғы панелін ортасын басу арқылы шешіп алыңыз, содан соң екі жанынан төменге тартып шығарыңыз *(сур. қара).*



2. суды төгу үшін ыдыс қойыңыз (шамамен 1,5 литрлік) *(сур. қара).*
3. қақпақты сағат тіліне кері қарай бұрап ашыңыз (сур. қара). Сорғыштан аздап су ағуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай;

4. сүзгішті ішінен жақсылап тазалап алыңыз;
5. қақпақты кері бұраңыз;
6. алдыңғы панельді орнына қойыңыз, ілмек тиісті тесігіне кіргеніне көз жеткізіңіз.

Су құю шлангісін тексеру

Шлангіні жылына кемінде бір рет тексеріп тұрыңыз. Су ағу бастаған жағдайда немесе зақымданса, шлангіні ауыстырыңыз. Машина жұмыс істеп тұрғанда су қысымында тұрған зақымданған шлангі оқыстан жарылып кетуі мүмкін.

Ақаулар мен оларды жою жолдары

Кір жуу нәтижесі сізді қанағаттандырмаса немесе ақаулар пайда болса, Авторизациялық сервис орталығына бармас бұрын осы бөлімді оқып алыңыз *(Сервистік қызмет көрсету қара).* Көп жағдайда туындаған проблеманы өзіңіз-ақ шешуге болады.

Табылған ақау:	Ықтимал себептері/Жою әдістері:
Кір жуғыш машина қосылмайды.	• Вилка розеткаға қосылмаған немесе байланыс болмайтындай нашар қосылған. • Үйде электр қуаты жоқ.
Кір жуу циклі қосылмайды.	• Машинаның есігі нашар жабылған. • START/PAUSE түймесі қосылмаған. • Судың келу краны жабық. • Кешіктіріп іске қосу бағдарламасы қосылған.
Кір жуғыш машина суды құймайды.	• Су кіру шлангісі кранға қосылмаған. • Шланг қысылып қалған. • Су келетін кран жабық. • Үйде су жоқ. • Су құбырының қысымы жеткіліксіз. • START/PAUSE түймесі қосылмаған.
Машина люгі тежеулі.	• бағдарламасын немесе қосымша «Жеңіл үтіктеу» функциясын таңдаған жағдайда, кір жуылып біткен соң барабан жайлап айналады; циклді кешіктіру үшін START/PAUSE немесе «Жеңіл үтіктеу» түймесін басыңыз.
Кір жуғыш машина суды үздіксіз құяды және төгеді.	• Су төгетін шлангі еденнен 65 см. төмен немесе 100 см. жоғары орналасқан *(Орнату қара).* • Суды төгу шлангісінің соңы суда жатыр *(Орнату қара).* • Егер суды төгу шлангісі канализацияға жалғанса, жоғарғы этаждарға «сифон әсері» болуы мүмкін – машина бір уақытта суды төгеді және құяды. Мұндайды болдырмау үшін арнайы клапан (антисифон) орнатыңыз. • Қабырғадағы су төгу құралының ауа шығару вантузы жоқ .
Кір жуғыш машина суды төкпейді және сықпайды.	• Таңдалған бағдарлама суды төгуді қарастырмайды – кейбір бағдарламалар үшін суды төгу бағдарламасын қолмен қосу керек *(Бағдарламалар және қосымша функциялар қара).* • «Суымен тоқтап қалу» қосымша функциясы қосылып тұр: бағдарламаны аяқтау үшін START/PAUSE түймесін басыңыз *(Бағдарламалар және қосымша функциялар қара).* • Суды төгу шлангісі қысылып қалған немесе бітеліп қалған *(Орнату қара).* • Канализация бітеліп қалған.
Сығу кезінде өте қатты вибрация.	• Кір жуғыш машинаны орнату кезінде барабан тежеуден дұрыс шығарылмаған *(Орнату қара).* • Кір жуғыш машина түзу тұрған жоқ *(Орнату қара).* • Машина мен қабырға/жиһаз арасындағы бос орын жеткіліксіз *(Орнату қара).* • Барабандағы кір теңестірілмеген (Кір жуу құралдары және кір түрін қара).
Кір жуғыш машинадан су ағады.	• Су құю шлангі дұрыс қатырылмаған (шлангінің соңғы жағындағы гайка қатты тартылмаған және төсем дұрыс орнатылмаған) *(Орнату қара).* • Жуу құралдарын бөлгіш жуу құралдарының қалдығымен бітелген *(бөлгішті тазалау туралы Тех. Қызмет көрсету және күтіп ұстау қара).* • Суды төгу шлангі дұрыс қатырылмаған *(Орнату қара).*
ON/OFF индикаторы басқа кез келген «ағымдағы фаза» индикаторымен бірге жиі жыпылықтайды.	• Машинаны өшіріп, штепсель вилкасын электр розеткадан ажыратыңыз, 1 минут күте тұрыңыз да машинаны қайта қосыңыз. Егер ақау жойылмаса, Авторизациялық сервис орталығына хабарласыңыз.
Артық көпіршіктердің пайда болуы.	• Жаппай жүктейтін автоматты кір жуғыш машиналарға сай келмейтін жуу құралы пайдаланылған. (орамда «кір жуғыш машианмен жууға арналған» немесе «қолмен жууға арналған» деп көрсетілуі тиіс). • Жуу құралы шамадан артық қолданылған.
Машина люгі.	• Тежеуден қолмен шығарыңыз (Алдын алу және нұсқауларды қара).

! Ескерту: Демо режиміне шығу үшін ⏯ START/PAUSE және ⏻ ON\OFF түймелерін бір уақытта 3 секунд басып тұрыңыз.

Сервистік қызмет көрсету

KZ

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгінбес бұрын:
- Ақауды өз бетіңізбен жоя алмайтындығыңызға көз жеткізіңіз («Ақауларды іздеу және оларды жою тәсілдері» қара.);
- Машинаның дұрыс жұмыс істеп тұрғандығына көз жеткізу үшін программаны қайтара қосыңыз;
- Керісінше жағдайда, кепілдік құжатында көрсетілген телефон арқылы Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Авторландырылмаған қызмет көрсету орталықтарына ешқашан жүгінбеңіз.

Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласу кезінде мынаны хабарлаңыз:
- ақаудың түрі;
- бұйымның моделі (Мод.);
- техникалық құжаттың номері (сериялық №).

Сериялық номері мен моделі кір жуғыш машинаның артқы панелінде және люк алдында орналасқан ақпараттық табличкада көрсетіледі.